

А.К. Каринов<sup>1\*</sup>, О. Сөйлемез<sup>2</sup><sup>1</sup> *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;*<sup>2</sup> *Кастамону университеті, Кастамону, Түркия  
(abylayqarin@gmail.com, soylemezo@kastamonu.edu.tr)*

## Коучинг пен менторингтің әдебиетті оқытуда қалыптасуы мен дамуы

Қазіргі уақытта білім берудегі коучинг пен менторинг бүкіл әлемде кең қолданысқа ие. Кеңестік кезеңнен қолданылып келе жатқан жас мамандарға білікті мұғалімдердің тәлімгерлік жасауы отандық білім беру саласында коучинг пен менторинг бұрыннан бар түсініктер деген пікірге әкеледі. Мақала осы тарихи фактор және коучинг пен менторингтің қазіргі кезде қолданылуын салыстыра, салғастыра отырып талдауға негізделген. Бұл шолу мақалада коучинг пен менторинг әдістерінің шығу тегі, оның білім беру саласына келу тарихы баяндалған. Соның ішінде, негізгі фокус осы әдістерді қолдана отырып әдеби шығармаларды оқытудың перспективаларын бағамдауға бағытталады. Негізінен коучинг пен менторинг әдістері арқылы (GROW моделі) оқыту адамдарға эмоционалды, психологиялық, дидактикалық тұрғыдан көмектесе алады. Поэзия, рөлдік ойын, метафора сияқты әдебиет құралдарын қолдану да студенттерге қолдау көрсетуде пайдалы. Мақалада коучинг пен менторинг әдістерін қолдану арқылы оқытуға болатын қазақ және әлем әдебиеті шығармалары қарастырылған.

*Кілт сөздер:* коучинг, менторинг, білім беру, әдебиет, метафора.

### *Kіріспе*

Фейман-Немсердің айтуынша, коучинг және менторинг (тәлімгерлік) ұғымдары білім беру саласына 1980 жылдардың басында енді [1]. «Коучинг» және «менторинг» терминдері бизнесте спорт саласында бұдан ертеректеу пайда болған. «Коуч» термині ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «жаттықтырушы», «спорт жаттықтырушысы», «тасымалдаушы бекеті» деген мағына береді. Басқаша айтқанда «адамдарды тасымалдаушы», «жетекшілік етуші тұлға» деген ұғымдармен сәйкес келеді [2]. «Ментор» ұғымы Одиссей өмір сүрген антикалық заманда пайда болған. Гомердің «Одиссейесінде» Ментор деген ұстаз Одиссей Трояндық жорыққа аттанғанда оның ұлы Телемакусқа қамқорлық жасап, оқытып, тәрбиелеп, біршама уақыт бойы әкесін алмастырады. Бұл екі ұғым («коучинг» және «менторинг») жалпы алғанда өте ұқсас мағынаға ие, адамдарды дамуға, өсуге, өзін-өзі жақсы жаққа өзгертуге (трансформациялануға) жетелейді. Және де адамды өз еркімен жұмыс істеуге, дұрыс психология орнатуына бағыттайды [3], [4].

Коучинг пен менторинг қазақстандық білім саласына соңғы жылдары ғана оқытудың бірегей тәсілдері ретінде енді. Оған мұрындық болған Қазақстандағы жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүргізілген орта мектепке арналған күрделі реформа. Оқушылардың PISA 2009 сынақтауы бойынша төмен нәтиже көрсетуіне байланысты сол кездегі ҚР Білім және Ғылым министрлігі 2016-2017 оқу жылынан бастап «Жаңартылған білім беру мазмұны» реформасын бастады. Білім беру мазмұнын кешенді өзгерту төрт оқу жылына жоспарланып, тек 2019-2020 оқу жылында аяқталды. Жаңа бағдарлама — мектептегі білім бағдарламасын кеңестік үлгіден Блум таксономиясына негізделген заманауи модульге ауыстыруды көздеді. Тольғырақ айтсақ, жаңа бағдарлама бұрынғы білім берудің эпицентрі оқытушы саналатын кеңестік модельден, оқу үдерісінің ортасында оқушы тұратын білім беру моделіне ауысып, оқушылардың тұлғалық қабілетін қалыптастыруға, оқушылардың функционалды сапаттылығын, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілетін, өз бетімен білім алуын дамытуға бағытталды [5], [6], [7]. Нәтижесінде білім беру үдерісі оқытуда қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдермен, нұсқаулықтармен толықтырылды. Осы көптеген әдіс-тәсілдердің ішінде коучинг пен менторинг та қамтылып, қолданысқа енді. Алайда, коучинг пен менторинг отандық білім беру саласы үшін жаңа ұғымдар емес, өйткені олар кеңес кезеңінен бері бар. Олар орыс тілінде «шефство» (басшылық ету) және «наставничество» (тәлімгерлік ету) деп аталды, бұл әдетте тәжірибелі әріптестердің жаңадан келген жас мұғалімдерге тәлімгерлік етіп,

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [abylayqarin@gmail.com](mailto:abylayqarin@gmail.com)

қолдау көрсетуін білдіреді [8]. Дегенмен, коучинг пен менторингтің білім беру жүйесіндегі қолданылуының ғылыми-теориялық негізі әлі толыққанды зерттелмеген. Бұл мақалада Америка, Еуропа, Азия елдерінде жүргізілген зерттеулерде қарастырылған менторинг пен коучинг мәселелеріне талдау жасалып, оны қазақстандық білім беру жүйесінде қолданудың перспективалары анықталды. Осы талдаулар отандық білім беру жүйесінде коучинг және менторинг терминдерін ғылыми айналымға ұғым ретінде енгізіп, теориялық және практикалық негізін нақтылай түсуге жол ашты.

### *Әдебиетке шолу*

#### **1. Білім беру саласындағы коучинг пен менторингтің қолданылуы.**

Коучинг пен менторинг әуелде спорт және бизнес салаларында пайда болып, көп ұзамай білім беру саласында да танымал болды. Коучинг пен менторингті өзара бөліп қарайтын болсақ, екеуі де негізінен адамды жан-жақты дамытуға бағытталған ұқсас тәсілдер [9], [10]. Алайда екеуінің арасында айырмашылықтар да бар екен. Мәселен, Коннор мен Покора менторингті «дамытушы», коучингті «өзгертуші» құралдар ретінде сипаттайды. Жалпы алғанда, «даму» және «өзгеру» мағыналары жақын етістіктер. Бұны осы ғалымдар да растап: «Коучинг пен менторинг білім берудегі қарым-қатынаста көп тұрғыдан ортақ мәнге ие», – деген қорытындыға келеді [11]. Сондай-ақ, келесі бір топ зерттеуші коучинг пен менторингті өзара ұқсас ұғымдар ретінде анықтама береді: «мағынасы өте жақын» [12], «менторингтің ішіне коучинг кіреді» [13], [14], «коучинг пен менторинг аздаған айырмашылықтарға қарамастан өте ұқсас» [9], «коучинг те, менторинг те даму қатынастары тұрасындағы мағына береді» [15; 14], «екеуі де оқытуды ынталандыратын дағдыларды қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетке негізделген белсенді үдеріс» [15]. Бұл ғалымдардың айтқан пікірлеріне сүйене отырып, коучинг пен менторингті жеке тұлғаның дамуына, өзгеруіне және трансформациясына бағытталған білім беру саласындағы бірегей, тұтас әдістер ретінде қабылдауға болады.

Менторинг Гомердің «Одиссея» поэмасымен байланысты, шығармада Телемакус балалық шақтан ер жеткенге дейін Ментор атты ұстазының тәрбиесінде болады [3]. Осы мысалдағыдай қазір де менторлар жастардың тұлғалық қалыптасу жолында әртүрлі рөл атқара алады. Ментордың рөлін ересек отбасы мүшелері, отбасылық достар, көршілер, мұғалімдер, жаттықтырушылар, университет оқытушылары, діни ұстаздар да атқара алады [4, 99]. Холлдың айтуынша жастарға үлгі болатын спорттық жарыс жеңімпаздары, көшбасшылар, бағыт берушілер, кеңесшілер, ақылшылар, еріктілер, жаттықтырушылар, демеушілер, қорғаушылар және нұсқаушылар да ментор бола алады екен [16]. Жастарға жан-жақты көмектесу, қолдау көрсетудің негізгі мақсаты — оларды болашақ тәуелсіз, ересек өмірге дайындау, жауапкершілікке үйрету [9], [17], [18], [19]. Мектептегі оқушыларды ересек өмірге дайындауда мұғалімдер, жаттықтырушылар, менторлар маңызды рөл атқарады. Мектеп бітіруші түлектер мамандық таңдағанда немесе оқу орнына құжат тапсыру кезінде мұғалімдерден нұсқаулар мен кеңес сұрау көп кездеседі. Сондықтан оқушылардың болашағында ұстаздардың орны маңызды. Кортаген мен Васалос жақсы мұғалім студенттерге жақсы ментор бола алады деген тұжырымдама жасайды [20].

Джекилел бастаған бір топ зерттеушілер менторингке қатысатын жастардың мектептен қалуының аз болуы, басқаларды ұрып-соғу оқиғаларының аз кездесуі, есірткі мен алкогольді тұтынуының сирек болуы, оқуға, қарттарға деген көзқарасы жақсырақ болатыны, ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орнататыны айтылады [21]. Ересектермен, отбасы мүшелерімен жақсы қатынас құруына көмектеседі деген соңғы пікірмен оңай келісуге болады. Дегенмен, оқушыларға менторинг жасау есірткі мен алкогольді азырақ тұтынатынына әсер етеді дегенге сенімділікпен қарау қиындау, өйткені бұндай әдеттерге әуестенген адам үшін одан бірден бас тарту оңай соқпайды. Сондай-ақ, менторинг теріс мінез-құлықтары немесе өмірлік қиындықтары бар жастарға көмектесу және қолдау көрсетудің тиімді құралы болуы мүмкін, жастардың бойында оң мінез-құлықты қалыптастыруына [22], [23], [24], [25] жастардың (әсіресе, 14 жастағы жасөспірімдердің) төзімділігін арттыруына [9; 79] психологиялық тәуекелдерден қорғануына әсер етеді [4, 32].

14-29 жас аралығындағы барлық жастарға коучинг және менторинг жүргізуді алатын болсақ, бұл өте үлкен ауқымдағы жас аралығын қамтиды. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысында негізгі басымдықты орта мектеп жасындағы жастарға жүргізілетін коучинг пен менторинг қарастырылмақ. Бұл тақырыпты келесідей біршама зерттеушілер қарастырған [26], [27], [28], [29], [30]. Соның ішінде, Ван Ниурбург коучинг тәсілдерін қолдану бастауыш сынып оқушыларына да, орта мектеп

оқушыларына да бірдей деңгейде пайда береді деп мәлімдесе [9], Флетчер мен Муллен коучинг барлық жастағы оқушыларға пайдалы екендігін айтады:

*«Коуч оқушыға бірінші кезекте оның жетістігі қалай бағаланатынын, болашаққа мақсат қоюды үйретпейді. Коучтің негізгі мақсаты — KNOW (БІЛУ) моделі негізінде жаңа білім беруге итермелеу, шабыттандыру»* [10; 27].

Коучинг те, менторинг те студенттерге жан-жақты көмектесуге арналған пайдалы құрал болып табылады. Жоғарыдағы ғылыми зерттеулерде айтылғандай бұл әдістерді мектеп қабырғасында қолдану оқушыларға да, оқытушыларға да пайдалы болуы мүмкін. Мұғалімдер осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың бойында жақсы мінез-құлық қалыптастыруына, олардың жаман әдеттерден бас тартуына және мамандық таңдауына әсер ете алады.

Қазіргі уақытта білім беру саласында коучтер мен менторлар маңызды рөл атқарады. Білім берудегі коучинг пен менторингтің атаулы артықшылықтары бар деген тұжырымдамаға келген зерттеулер көп. Мәселен, Апиях коучинг пен менторингті қолдану мектеп үшін де, мектеп оқушылары үшін де оң үлес қосады дейді [31, 10]. Флетчер мен Муллен бұл әдістер оқу процесін жеңілдетуге, оқушыларға нұсқау беруге, топты біріктіруге көмектеседі деп көрсетеді. Және коучтар мен менторлар кеңес беруші, трансформациялық әлеуетке ие деп пайымдайды [10]. Пасмор мен Браун болса бұл әдістерді қолдану қосымша үйде оқытуға пайдалы десе [32], Кенни мен Гавин Фаунс коучтар мен менторлар оқушылардың емтихандарын сәтті тапсыруына көмектеседі деп тұжырымдайды [33]. Робин, Аллен және Еби, Джонсон секілді ғалымдар коучтар мен менторлар студенттердің оқу жетістіктеріне әсер ететіндігін айтады [4], [34], [35]. Және де келесі бір топ ғалым коучинг пен менторинг сыныптағы мінез-құлықты жақсартуға (Колар және МакБрайд) [23]; оқытуды жеңілдетуге (Косентино, Ван Ниурбург, Томилсон, Аскью және Карнелл) [36], [9], [37], [38]; мотивациясын арттыруға (Родес, Стоукс, Хамптон) [39]; оқуды, тіл менгеруді, орташа балды жақсартуға (Старкс) [40] пайдасын тигізетіндігі жайлы тұжырымдама жасаған. Негізі, білім беруде, оқытуда коучинг пен менторинг трансформацияның негізгі көзі саналады. Бұнда коучтар мен менторлардан тәлім алушылар ұстаздарынан құнды ақпаратты, білімді, дағдыларды тек үйренумен шектелмей, сол үйренген нәрселерді өздері жүзеге асыруға тырысады. Ван Ниурбург осы мақсаттағы коучинг пен менторингті «қалай үйренуді үйрету» деп атайды [9]. Дереккөздердің келесі бөлігі де студенттердің оқуы мен оқу жетістіктерін жеңілдетуді мақсат ететін мұғалімдерді «үйретуші коучтар мен менторлар» ретінде сипаттайды [37], [41], [42]. Авторлардың аты-жөнінен көрініп тұрғандай, олардың ішінде қазақ контекстінде коучинг пен менторингті зерттеген ешкім жоқ. Қолданыстағы зерттеулердің барлығы дерлік коучинг пен менторинг білім берудің жақсы бейімделген және терең зерттелген салалары екенін және көптеген адамдардың академиялық нәтижелерін арттыратынын, білімінің артуына көмектестіндігін көрсетеді. Өкінішке орай, қазақстандық коучинг пен менторинг жайында ешқандай зерттеулер табылмады. Бұл отандық білім беруде әлі де бұл салалардың кең етек жаймағандығын көрсетеді. Келесі бөлімде коучинг пен менторингтің Қазақстандағы білім беру саласымен байланысына тоқталамыз.

## **2. Қазақстандық контекстегі коучинг пен менторинг**

Негізінен коучинг пен менторинг қазақ мәдениетінде бұрыннан бар. Ерте кезден отбасындағы үлкендер жастарға ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсеткен. Әсіресе, жаңадан шаңырақ көтерген жас жұбайларға ата-ене тарапынан қолдау көрсетуі, тәжірибемен бөлісуі бүгінгі күні де қазақ отбасыларында кездеседі. Қазақтың кейбір мақал-мәтелдері бұған айқын дәлел бола алады: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Анасын көріп қызын ал», т.б. Десе де, коучинг пен менторинг тек қазақ мәдениетінде ғана емес, көп мәдениеттерге ортақ дүние сияқты. Бұрын ол басқа формада, басқа әдістерді қолдану арқылы жеткізілген. Бұл жайында Пасмор, Аллен және Еби, Ратнер және Юсуф секілді кейбір батыстық зерттеушілер коучинг пен менторингтің элементтері ата-ана мен бала, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас сияқты отбасында және сыртта бұрыннан бар болғанын атап өткен [4], [43], [44]. Дегенмен, Сатчуелдің түсіндіруінше бұл үйлесімділіктер коучинг пен менторингті тура Телемакус пен Ментордың арасындағы қарым-қатынасындай білім берудің құрылымдық жүйесі бар құралы ретінде анықтамайды [25].

Өкінішке қарай, қазақстандық білім беруде коучинг пен менторинг кеңестік кезеңнен бері болғанымен, бұл сала өте аз зерттелген. Алайда Азия контекстіне негізделген зерттеулер бар. Пасмор (2010) жапондық коучинг батыстық коучингтен ерекшеленетінін және жапондықтарда нұсқау берудің басым келетіндігін айтады. Бұл идеяны қытай мәдениетін зерттеушілер Нангалия есімді

зерттеушілер де қолдады, олар қытайлық коучингте конфуцийшілдік сияқты иерархияның (басқарудың) элементтері бар екенін атап өтеді:

*«...коуч әлеуметтік иерархияның аға буыны іспеттес, сондықтан, оның рөлі кеңес беру, түсіндіру және ата-ана сияқты қамқорлық көрсету. Ол тәлім алушының мүдделерін бірінші орынға қояды» [45].*

Жоғарыда атап өткен азиялық мәдениеттерде коучинг пен менторинг иерархиялық түрде жүргізілетіндігі айтылғанына қарамастан, гонконгтықтар коучингті сәл басқаша көреді. Бұл жайында Ламның зерттеуінде айтылған. Көбінесе гонконгта коучті адамдарға көмектесетін, ынталандыратын және әсер ете алатын адам ретінде қабылдайды екен. Зерттеуге қатысушылар оны құзыреті жоғары немесе тәлім алушыларға аға рөлінде болмайды деген пікір білдіреді. Керісінше, олар коучті өздерімен тең адам ретінде қабылдайды екен [46]. Шалғай орналасқанына қарамастан, Гонконг біз атап өткен Азия елдерінің ішінде Еуропаға ең жақын ел саналады. Ұлыбритания бұл елді жаулап алынғаннан бері ағылшын тілі екінші ресми тіл.

### **3. Коучинг пен менторинг әдістерін адамның жас ерекшелігіне, дарындылығына байланысты қолдану.**

Коучинг пен менторинг жасауда адамдардың жасын ескеру де маңызды. Жастарға коучинг пен менторинг ету жайлы айтатын болсақ мектепте жастар санатына тек жоғары сынып оқушылары ғана кіреді. Бастауыш сынып оқушыларын, орта мектеп оқушыларын (5-7 сынып) жастар санатына жатқызу қиын. Ван Ниурбург бастауыш сынып оқушылары коучингті ересектерден келетін «тренинг», «көмек», «үйрету» деп түсінетінін айтады [9]. Лайанг бастаған бір топ зерттеуші үш түрлі жас тобындағы балалардың (орта мектеп, жоғары мектеп және колледж студенттері) менторинг қарым-қатынасқа әртүрлі деңгейде әсер еткенін атап өтті. Орта мектеп оқушылары өздерінің менторларын табынуға (идеализациялауға) бейім көрінеді. Ересектеу топтағылар да менторларына табыну көрсетпейді, бірақ құрметтеп, олардың бастан кешкен қиындықтары мен сәтсіздіктерінен сабақ алады екен [26]. Сонымен қатар, Колар мен МакБрайд 7-12 жас аралығындағы менторингтен өткен және мүлде өтпеген балалардың өзін-өзі бағалауында, өз-өзіне сенімділігінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігін айтады [23]. Әрине, балалардың мінез-құлқы, психологиялық жай-күйі әр жаста бір-біріне ұқсамайды. Сондай-ақ балалардың жасынан бөлек коуч, ментор мен тәлім алушылар (коучи, менти) арасындағы қарым-қатынастың ұзақтығы да нәтижеге тікелей әсер етеді. Бірнеше ғалымдар бұл мәселені зерттей келе келесідей пікірге тоқталған: «Ұзақ уақытқа созылған коучинг пен менторинг оқушыларға оң әсер етсе, ең ұзақтығы ары кетсе тек алты айға созылған қысқа мерзімді қарым-қатынастар студенттердің жетістіктеріне, соның ішінде GPA деңгейіне айтарлықтай әсер етпеген» [4; 14], [23], [47].

Коучинг пен менторинг әдістерін қолдану баланың зияткерлік қасиеттеріне, дарындылығына, алғырлығына байланысты түрлі деңгейде әсер береді. Түркиялық ғалымдар Чакир мен Кожабас коучинг және менторинг стратегияларын енгізу дарынды студенттерге өте тиімді болатынын зерттеп дәлелдеген [48]. Зерттеушілердің айтуынша бұл тәсілдерді қолдану дарынды балаларға әсіресе академиялық, интеллектуалдық, эмоционалдық тұрғыдан әсер ететіндігі байқалған. Болмысынан дарынды балаларда дүниенің қыр-сырын білуге қызығушылығы тым ерекше болғандықтан, қарапайым оқыту әдістері оларды тез жалықтырады. Сондықтан, олар кез келген мұғалімнің қолынан келе бермейтін қосымша оқу және танымдық жаттығуларды орындауды қажет етеді. Бұл жайында Силверман 1991 жылғы Оқу жоспары кеңесінің баяндамасында дарынды балалармен жұмыс істеуде осы үлгідегі қиындықтар ерте балалық шақтан басталуы мүмкін екенін атап өтті, өйткені бұндай балалар басқа балалардан гөрі белсендірек, ұйықтағанды ұнатпайды, ерекше бақылауды қажет етеді. Басқа балаларға қарағанда ата-аналарын қатты шаршатады. Дарынды балалардың көбірек білуге, тереңірек зерттеуге, көп нәрсе жасауға деген ынтасы жоғары болады. Бұл тұрғыда мұғалімдерге сыныптағы барлық балалардың қажеттіліктерін бірдей қанағаттандыру өте қиын. Себебі, МакГрегордың, Эверард, Моррис және Уилсонның еңбектерінде келтірілгендей, адамдардың тек 10 пайызының ғана мотивациясы ерекше жоғары болады екен [49], [50]. Мектеп мұғалімі отыз оқушының ішіндегі мотивациясы ерекше жоғары 3-4 оқушыны басқалардан бөліп оқыта алмайды. Сыныптағы барлық оқушыға ортақ деңгейлік тапсырмалар орындатады. Алайда, мұғалімнің тек стандартты талаптарды ескеріп қоймай, дарынды оқушыларға мүмкіндігінше қосымша тапсырмалар бергені жақсы. Бұл жолда мектеп сабақтарына коучинг пен менторинг әдістерін енгізу мәселені

шешудің жақсы шешімі болуы мүмкін, өйткені олар адамның ішкі мотивациясын арттырады, көшбасшылық қабілетін дамытады [37], [42].

### Әдісі

Зерттеу жұмысы әдебиет пәні контекстінде коучинг және менторинг әдістеріне шолу жасауға негізделген. Бұған дейін коучинг және менторингтің әдебиетте қолданылуын іздеу мақсатында көптеген ғылыми жұмыстар қаралды, бірақ нақты осы тақырыпқа қатысты зерттеулер табылмады. Сондықтан бұл жұмыс ғылыми қауымдастық үшін коучинг пен менторингке жаңа көзқарастан қарауға негізделген.

Келесі мәселе зерттеу жұмысының отандық білім беру саласы үшін маңызды болуында. Біріншіден, тақырып жаңартылған оқу бағдарламасы реформасымен байланысты. Коучинг пен менторинг тәсілдерін мектеп бағдарламасына кіріктіру осы тұрғыдан пайдалы көрінеді. Негізгі мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің мазмұны мен оның оқушылардың жеке өміріндегі көрініс табуы арасында үлкен алшақтық бар. Оқушылар әдебиет сабағында үйренген әңгімелер мен өлеңдердегі моральдық мағынаны көп ұзамай ұмытуға бейім.

### Талқылау

#### 1. Әдебиетті оқытудағы коучинг пен менторингтің рөлі

Әдебиет — коучинг пен менторингпен терең байланысы бар білім саласы. Тіпті «менторинг» терминінің өзі бүкіләлемдік әдебиет жауһары саналатын Гомердің «Одиссея» поэмасынан бастау алады. Ментор осы шығарманың кейіпкері. Бұдан өзге көптеген жазушылар өздеріне тәлім берген, жазушылықты үйренген ұстаздарын өздерінің менторы санайды. Бұл жайында Аллен және Эби келесі жазушылардың: Гертруда Стейн атты жазушы Эрнест Хемингуэйдің, Саул Беллоу атты жазушы Филлип Роттың шығармашылық жолында менторлары болғандығын айтады [4; 7]. Менторинг пен коучингті айтпағанның өзінде әдебиет дидактикаға, моральға, өзін-өзі тәрбиелеуге мән беретін ғылым саласы саналады [51; 14]. Жалпылай алғанда, ұстаз болу деген моральдік тәрбие беру деген сөз. Білім беру саласындағы реформалар жөніндегі көлемді зерттеудің авторы Майкл Фуллан «Өзгеріс» («The Change») атты еңбегінде осындай пікір білдірген.

Коучинг пен менторинг жасауда әдебиеттің поэзия жанрын қолдану көп кездеседі. Бұның бір себебі өлеңдердің құрылым жағынан қысқа болуы және аз сөздің ішіне терең мағынаны қамтуында. Екіншіден поэзияның адамның жүрегіне жол тауып, психологиясына жақсы әсер ете алуында. Кейбір коучтер мен менторлар тәлім алушыларына әсер ету мақсатында өлеңдер мен аңыздарды, мысалдарды қолдануға тырысатын көрінеді. Гросини, Морган, Канам, Уайт секілді бір топ ғалымдар поэзиялық шығармалар, аңыздар арқылы коучинг пен менторингке қатысушыларға мәселелерді түрлендіріп түсіндіруге, басқаша интерпретациялауға мүмкіндік беретіндігін атап өтеді [52], [53], [54], [55]. Сондай-ақ, Бачкирова мен Лотон Смит және Канлиф өз зерттеулерінде поэзияның қатысушылардың рефлексивтілікті қабылдауына, жеке қабілеттерін арттыруына, мәселені түсінуіне, жаңа нәрсені үйренуіне және тәжірибе жасауға бірегей мүмкіндік беретінін атап өтеді [56], [57]. Бұл жерде айтыс ақындары Мұхамеджан Тазабеков пен Арман Бердалиннің «Дін ислам — діндегіміз», «Арақ пен қазақ» атты өлеңдері 2000 жылдары жүздеген адамның дінге бет бұрып, сол уақыттағы қазақ қоғамында үлкен дертке айналған арақ ішуден көптеген адамдардың бас тартуына әсер еткенін мысал етінде көрсете аламыз. Осы мысал да поэзия мен әдебиеттің адамға жақсы әсер ететін құдіреті бар деген тұжырымдамамызды бекіте түсуге болады. Селест Сноубердің менторинг тақырыбына арналған өлеңі ментордың рөліне сипаттама береді. Бұл біреуге менторинг жасауда қолданудан гөрі ментордың құдіретіне құрмет көрсетуге арналған секілді:

*Менторинг деген*

*жаныңдағыларға жүректің сұлулық саңылауларын ашу.*

*Менторинг деген*

*шектеулерді бұзып көлеңкеге нұр беру,*

*және өзің мен өзгеге жарық сыйлау.*

*Менторинг деген*

*таңда туатын құштардықтың тыныш дауысындағы толқуларды тыңдай білу.*

*Менторинг деген*

*гумустай таза әрі кішіпейіл жанмен һәм тәнмен*

*өмірге, үйренуге шығармашылықпен қарау [58].*

Көбіне коучтар мен менторлар өз клиенттеріне эмоционалды және психологиялық тұрғыдан әсер ету үшін өлеңдер оқиды. Барнс әдебиет, әсіресе әдебиеттегі поэзия психологиялық проблемалары бар адамдарға пайдалы болуы мүмкін деп мәлімдейді. Оның зерттеулеріне сәйкес, әдеби шығармалар психотерапевттерге, психологиялық қиындықтардағы әртүрлі адамдарды оқытуға, дамытуға және түрлендіруге арналған клиникалық жұмыс үшін жақсы ресурс болуы мүмкін. «Сауықтырғыш шығармалар» психологиялық қиындықтары бар адамдарға оқуға ұсынылады дейді Барнс [59]. Бұларға келесідей бірнеше романдар мен өлеңдерді жатқызуға болады: Баджердің «Қоштасу сыйы», Стивен Кингтің «Денесі», Шарлотта Бронтенің «Джейн Эйры», және т.б. Осыған байланысты Маккарти поэзияның эмоционалды катарсиспен ауыратын адамдарға қолдау көрсету және олардың түсінігі мен қарым-қатынас қасиеттерін жеңілдететін күшін атап өтеді [60; 47]. Әдебиеттің келесі саласы, яғни драма немесе рөлдік ойын арқылы да коучинг жасап, командадағы қарым-қатынасты жақсартуға болады деген тұжырымдама да бар [61]. Мектеп мұғалімі ретіндегі тәжірибемнен айтарым, рөлдік ойындар қазақ мектептерінде өте кең қолданылатын оқыту әдістерінің бірі. Тіпті көптеген мектептерде оқушыларды рөлдік ойындарға үйрететін «Драма» сияқты үйірмелер тұрақты жұмыс істейді.

## 2. Коучингтегі GROW (ӨСУ) моделін әдебиетті оқытуда қолдану.

Әдебиет сабақтарында поэзия және драмалық шығармаларды коучинг пен менторинг әдістері арқылы оқыту оқушылардың бойында жағымды қасиеттерді қалыптастыруға, көркем мінез-құлыққа тәрбиелеуде бізді білім берудің түпкі мақсатына, яғни баладан жақсы адам қалыптастыруға жетелейді. Бұл орайда ең кең тараған әрі бірер уақыт көлемінде өзінің өміршендігін дәлелдеген әдіс — «GROW» (ӨСУ) моделін айтуға болады. Алғаш рет Тимоти Голуидің «Теннистегі ішкі ойын» (1979) кітабында және Джон Уитмордың «Өнімділікке арналған коучинг» (2002) атты танымал еңбектерінен бастау алған «ӨСУ» моделі төрт маңызды бөліктен тұрады: Мақсаттар, Қазіргі кез, Мүмкіндіктер және Ерік [62], [63]. Әр бөліктің өзіндік жеке сұрағы бар: Мақсаттар (сіз не қалайсыз?), Қазіргі кез (қазір не болып жатыр?), Мүмкіндіктер (сіз не істей аласыз?), Ерік (не істейсіз?). Коннор мен Покора еңбегінде бұл модельдің мақсаты адамдарға өздерінің қазіргі жағдайы туралы ойлауға, болашаққа мақсаттар қоюға және сол жолмен жұмыс істеуге көмектесу деп айқындайды [11]. Осы орайда дидактикалық сипатқа ие әдеби өлеңдер, романдар, әңгімелерді оқушылардың ӨСУ-іне әсер ету үшін коучинг пен менторинг жасауда пайдалануға болады. Мысалы, қазақ әдебиетінен: «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» (Абай), «Адам баласының ең жаманы талапсыз» (Абай), «Құр білген не керек, білгенді қылған сол керек» (Шәкәрім) және т.б. атап өтуге болады. Әрине, кез келген ұмтылыс адамды hareket етуге жетелейді. Мектеп бағдарламасындағы қазақ әдебиеті пәнінде еңбек, талаптану тақырыптары кеңінен насихатталады: «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі (Алтынсарин), «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі (Торайғыров), «Қар күреген бала», «Жаяу сүйреген шана» әңгімелері (Әбдіқадыров) кездеседі.

## 3. Трансформациялық оқыту және метафора

Оқушылардың дамуы мен өзгеруінің негізгі түрін трансформация деп атайды. «Трансформациялық оқыту теориясын» алғаш рет 2000 жылы Мезиров ұсынған [64]. Флетчер мен Мулленге сүйенетін болсақ бүгінде трансформациялық оқыту теориясын көптеген коучтар, соның ішінде мектеп коучтары да кеңінен қолданады [10; 33]. «Трансформациялық педагогика» оқушылардың түсінігі мен қабылдауын жаңа білім мен дағдыларды үйрету арқылы өзгертуге бағыттайды [36]. Кочанның айтуынша, трансформациялық мәдени коучинг пен менторинг «болашақта не болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап береді. Қазіргі уақытқа немесе өткен шаққа емес, болашаққа бағытталады [65]. Ол адам өмірін, түрлі ұйымдарды және белгілі бір қоғамдарды өзгертуі мүмкін. Бірақ бұл үдерісті жүзеге асыруға әдеттегіден гөрі ұзағырақ уақыт кетеді [66]. Сондай-ақ, Флетчер мен Муллен коучингті білім беру саласындағы кез келген мәселенің шешімі бола алатын евангелиялық дүние ретінде қарастыру қате деп тұжырымдайды [10; 63].

Коучинг пен менторингті тәжірибеден өткізуде әдебиет элементтері ішінен метафораны пайдалану өте кең таралған. Лакофф пен Тернердің, Эмсоннің айтуынша метафоралар адамның түсінігіне әсер етеді, ойларын өзгертеді, жаңа білім алуға итермелейді, эмоцияларын оятады, дүниеге баға беруін өзгертеді [67], [68]. Томпсон метафоралар адамдардың проблемалары мен алаңдаушылықтарын сейілте алатын сияқты деп пайымдайды [69]. «Ғажайып» («Magic») метафорасы жайында көлемді зерттеу жасаған Гейтнер мен Сето бұл сөз адам өмірін өзгертуге әсер ете алады

деген қорытындыға келеді [70]. Әдебиеттің метафора және рөлдік ойындар арқылы адамды сауықтандыру әлеуетін Барнс есімді ғалым зерттеп, бұның шын мәнінде әсер етерлік күші бар екендігі жайлы тұжырым жасаған [59]. Алайда, Кэрролл жоғарыда айтылғандарға қарсы пікір білдіріп, метафоралар ешқандай әсер етпейтін дәріменсіз болуы мүмкін дейді [71].

Метафоралар әдебиетте автор мен шығарма кейіпкерлерінің сезімдерін сипаттауда кеңінен қолданылатын троп түрі. Әдеби шығармалардағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге қарай отырып оқырман өз мінезін қалыптастыра алады. Жағымсыз кейіпкерлерден бойын аулақ ұстап, жағымды кейіпкерлерге еліктеуі, ұқсағысы келуі тиіс. Бұл мәселе әсіресе мектеп жасындағы оқушыларға қатысты. Ең бастысы ой түйіп, өзін өзгертуге, түзетуге, жақсылыққа ұмтылуға тиіс. Тәжірибеде қолданылған білімде ғана қуат болады. Қазақ ақыны Абай кітапты көп оқитын, бірақ алған білімін өмірде қолданбайтын адамдарды «кітап артқан есекке» теңейді. Адамның өз өзіне деген сенімін қалыптастыруға әсер ете алатын өлең ретінде Қазтуған жыраудың метафораға толы «Мадақ жырын» айтуға болады. Өлеңнен жырау жаугершілік қиын заманда өмір сүрсе де өзіне деген сенімін жоғалтпағандығын байқай аламыз:

Бұдырайған екі шекелі,  
Мұздай үлкен көбелі,  
Айдаса — қойдың көсемі,  
Сөйлесе — қызыл тілдің шешені,  
Ұстаса — қашағанның ұзын құрығы,  
Қалайылаған қасты орданың сырығы,  
Буыршынның бұта шайнар азуы,  
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,  
Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәпірдің  
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан  
Сүйінішұлы Қазтуған! [72].

Осы сарындағы метафораға толы өлең орыс ақыны Пушкиннің шығармасынан байқауымызға болады. Ақынның «Ескерткіш» өлеңін Қазтуғанның «Мадақ жырының» идеялық егізі ретінде қарастыруға болады.

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,  
Ел ізі оған салған суи білмес.  
Асқақтап Александр мұнарасынан  
Жоғары оқшау шығып тұр ол дербес [73].

#### *Қорытынды*

Шолу мақалада коучинг пен менторинг ұғымдарының ғылыми негізін, білім беру ғылымында қалыптасу тарихын көрсеттік. Көптеген ғылыми зерттеулер коучинг, менторинг әдістерін қолдану адам психологиясына, жастардың дамуына, трансформациясына, мотивациясына, білім алуына тигізетін оң әсері бар екендігін дәлелдейді. Бұл әдістерді әдебиет пәнін оқытуда, оқушыларға психологиялық, физикалық тұрғыдан көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Мақалада мысал ретінде келтірілген GROW моделі еңбекқорлық, мақсатқа жету тақырыбындағы әдеби шығармаларда қолдануға қолайлы екендігін көрсетеді. Әрине, бұл үшін әдеби туынды алдын ала талданып, жоспарлы түрде оқытылуы тиіс. Адамның трансформациясына, психологиялық тұрғыдан өз-өзіне сенімдірек болуына метафоралар, рөлдік ойындар оң әсер ете алады.

Бұл зерттеу жұмысы қазақ және әлем әдебиетінде коучинг пен менторинг әдістерін қолдана отырып оқытуға болатын бірнеше шығармалар бар екендігін көрсетті. Әрине, бұл тақырыптағы әдеби шығармалар келтірілген мысалдармен шектелмейді. Оны әлі де зерттеу керек. Және де коучинг пен менторинг әдістерін әдебиетті оқытуда қолдану идеалды шешім, ол барлық мәселелердің шешімі бола алады деген пікір айтудан аулақпыз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Feiman-Nemser S. Teach them diligently to your children: an experiment in avocational teaching / S. Feiman-Nemser // Religious Education. — 1997. — No 92(4). — P. 440–458.
- 2 Law H. The psychology of coaching, mentoring and learning / H. Law, S. Ireland, Z. Hussain. — Chichester: John Wiley & Sons, 2007.
- 3 Stephens P. Essential mentoring skills: a practical handbook for school-based teacher educators / P. Stephens. — Cheltenham: Nelson Thornes, 1996.
- 4 Allen T.D. The Blackwell handbook of mentoring: a multiple perspectives approach / T.D. Allen, L.T. Eby / Malden, Ma; Oxford: Wiley-Blackwell, 2010.
- 5 Ibraimova A. Implementation of the Integrated Curriculum in Kazakhstani Secondary Schools: Challenges and Opportunities in pilot schools at School Level [Electronic resource] / A. Ibraimova. — 2017. — Access mode: <http://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/2561>.
- 6 Suyundikova G. Teachers' Attitudes towards Implementation of the Upgraded Curriculum in a Secondary School in Aktau, City of Mangystau Province, Kazakhstan [Electronic resource]. / G. Suyundikova. — 2019. — Access mode: <http://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/4325>.
- 7 Mukhtar Y. Pedagogical conditions assessment of knowledge of primary school children on the subject of natural science in terms of the upgraded curriculum of education of Kazakhstan / Y. Mukhtar, G. Aspanova, A. Kappasova. — 2020. — Access mode: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42376686>.
